

2006 жылғы 1 наурыздағы¹ банк секторының ағымдағы жағдайы

Қазақстанда 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 34 екінші деңгейдегі банктер жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 28 банктер, банктердің 29 филиалы және 229 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы	01.01.06	01.03.06
1. Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	34
-шетелдің қатысы бар банктер	15	14
-жарғы капиталында ² мемлекеттің 100% қатысы бар – банктер	1	1 ²
2. Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	385	419
3. Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1106	1286
4. Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	11	18
5. Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктердің өкілдіктерінің саны	18	18
6. Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	34	33
7. Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	11

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты меншікті капиталының есеп айырысу³ мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 68,1 теңгеге (11,6%-ке) ұлғайды және 01.03.06жылғы жағдай бойынша 655,3 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 25,8%-ке 463,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал – 13,4%-ке 189,5 млрд. теңгеге дейін азайды.

Меншікті капиталдың динамикасы млрд. теңге	01.01.06	01.03.06	Өсімі %-пен
1-ші деңгейдегі капитал	368,4	463,4	25,79
Жарғылық капитал	244,7	251,9	2,94
Қосымша капитал	27,2	27,2	0,00
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	73,3	141,2	92,63
2-ші деңгейдегі капитал	218,7	189,5	-13,35
Бөлінбеген таза кіріс	70,8	12,1	-82,91
Реттелген борыш	184,7	222,3	20,36
Меншікті капитал барлығы	587,2	655,3	11,60

2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,100 (0,06 нормативі кезінде) (банк холдингі банктер үшін қатысушысы болып табылатын нормативі – 0,05), k2 - 0,156 (0,12 нормативі кезінде) болды, (банк холдингі банктер үшін қатысушысы болып табылатын нормативі – 0,10).


Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.01.06	01.03.06
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,08	0,10
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,15
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,19	0,20
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	3,41	3,48
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,48	0,53
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	8,57	8,28

Активтер. Ағымдағы жылдың басынан бастап банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 140,4 млрд. теңгеге (3,1%-ке) ұлғайды және есепті күнге 4 655,5

млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.03.06		Өсім %-пен
	млрд. теңге	% -пен жиынтығы	млрд. теңге	% -пен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	88,0	1,9	84,1	1,8	-4,4
Корреспонденттік шоттар	243,2	5,4	249	5,3	2,4
Бағалы қағаздар	651,7	14,4	682,4	14,7	4,7
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	345,6	7,7	263,0	5,6	-23,9
Банкаралық заемдар	108,2	2,4	120,7	2,6	11,6
Клиенттерге берілген заемдар	2 953,8	65,4	3 040,3	65,3	2,9
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	26,7	0,6	28,3	0,6	6,0
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	55,8	1,2	58,4	1,3	4,7
Басқа активтер	42,1	0,9	129,3	2,8	207,1
Активтердің барлығы	4 515,1	100,0	4 655,5	100	3,1

Банктер активтерінің құрылымында банкаралық (65,3%) бағалы қағаздар портфелі (14,7%), басқа банктерде орналастырылған салымдардан (5,6%) басқа заемдар үлкен үлес алады. Басқа банктерде орналасқан салымдар бойынша шоттарындағы қалдықтары - 82,6 млрд.теңгеге немесе 23,9%-ке азайды, клиенттерге берілген заемдар – 86,5 млрд. теңгеге немесе 2,9%-ке ұлғайды және бағалы қағаздар – 30,7 млрд.теңгеге немесе 4,7%-ке ұлғайды.





2006 жылдың басынан бастап жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері есепті күнге 147,5 млрд.теңгеден 5 568,6 млрд. теңгеге дейін (2,7%-ке) ұлғайды.

Сонымен қатар, сапасы бойынша активтер және шартты міндеттемелердің жіктелуінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 73,3%-тен 73,8%-ке дейін ұлғайды, күмәнділер –25,4%-тен 24,7%-ке дейін төмендеді, үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер үлесі - 1,3%-тен 1,5%-ке дейін ұлғайды.

Активтердің және шартты	01.01.06	01.03.06
-------------------------	----------	----------

	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтық % -пен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтық % -пен
Активтер және шартты міндеттемелер барлығы	5 421,1	100	5 568,6	100
Стандартты	3 971,4	73,3	4 108,0	73,8
Күмәнді	1 378,2	25,4	1 378,0	24,7
1 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 132,5	20,9	1 104,4	19,8
2 санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	38,8	0,7	71,9	1,3
3 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	142,6	2,6	116,2	2,1
4 санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	28,7	0,5	37,6	0,7
5 санатты күмәнді	35,6	0,7	47,9	0,9
Үмітсіздер	71,5	1,3	82,6	1,5



Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 58,2%-тен 58,7%-ке ұлғайды, күмәнділердің үлесі 39,5%-тен 38,8%-ке дейін кеміді, үмітсіздердің үлесі –2,3%-тен 2,5%-ке дейін ұлғайды.


Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.06		01.03.06	
	негізгі борыш сомасы	жиынтық %-пен	негізгі борыш сомасы млрд.теңге	жиынтық %-пен
Несиелік портфельдің барлығы	3 062,0	100	3 161,0	100
Стандартты	1 783,2	58,2	1 856,8	58,7
Күмәнді	1 210,3	39,5	1 225,1	38,8
1 санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	985,5	32,2	971,8	30,7
2 санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	34,3	1,1	66,8	2,1
3 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	129,5	4,2	103,7	3,3
4 санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	27,2	0,9	36,9	1,2
5 санатты күмәнді	33,8	1,1	45,9	1,5
Үмітсіздер	68,5	2,3	79,1	2,5

Міндеттемелер. 2006 жылғы ақпанда екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 121,7 млрд.теңгеге (3,0%-ке) ұлғайды және есепті кезеңнің соңына 4 195,1 млрд. теңге болды.


Жасалған «РЕПО» операцияларының көлемі 94,9 млрд. теңгеден 68,6 млрд. теңгеге дейін азайып төмендеуі банк міндеттемелерінің азаюына мейлінше мәнді ықпал етті. Айналымға жіберілген бағалы қағаздардың көлемі 13,3 млрд.теңгеге дейін 286,3 млрд.теңгеге ұлғайды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.03.06		Өсімі, %-пен
	млрд. теңге	жиынтық %-пен	млрд. теңге	жиынтық %-пен	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер ⁴	2 532,9	62,2	2 637,5	62,9	4,1
Банкаралық депозиттер	185,1	4,5	172,4	4,1	-6,9
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	3,1	0,1	2,9	0,1	-6,5
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	26,5	0,7	27,4	0,7	3,4
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	576,8	14,2	596,6	14,2	3,4
Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары	163,5	4,0	68,6	1,6	-58,0
Реттелген борыштар	184,7	4,5	222,3	5,3	20,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	273,0	6,7	286,3	6,8	4,9
Басқа кредиторлар	71,0	1,7	83,3	2,0	17,3
Басқа міндеттемелер	56,8	1,4	97,8	2,3	72,2
Міндеттемелердің барлығы	4 073,4	100	4 195,1	100	3,0

01.01.2006ж. жағдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.03.06ж. жағдай бойынша банк секторы міндеттемелерінің құрылымы (%)




2006 жылдың басынан бастап клиенттердің салымдары⁵ 103,1 млрд.теңгеге немесе 4,09%-ке ұлғайды және 2006 жылы 1 наурызда 2 626,1 млрд.теңге болды.

2006 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары 3,7%-ке немесе 22,1 млрд.теңгеге мерзімді салымдары бойынша 10,15%-ке қалдықтардың ұлғаюы есебінен өсті.


№	Клиенттердің депозиттері	01.01.06		01.03.06		Өсімі %-пен	
		Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында
1.	Салымдардың барлығы оның ішінде.:	2 523,0	1 584,3	2 626,1	1 578,1	4,09	-0,39
2.	Заңды тұлғалардың салымдары, оның ішінде.:	1 926,2	1 299,8	2 007,2	1 300,7	4,21	0,07

Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	1 319,5	993,7	1 347,3	965,2	2,11	-2,87
Талап ету бойынша салымдар	7,3	2,8	6,1	1,7	-16,44	-39,29
Мерзімді салымдар	597,0	301,7	651,3	332,2	9,10	10,11
Шартты	2,4	1,6	2,5	1,6	4,17	0,00
3. Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	596,8	284,5	618,9	277,4	3,70	-2,50
Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	83,6	24,8	80,8	19,8	-3,35	-20,16
Талап ету бойынша салымдар	19,7	9,1	21,7	8,5	10,15	-6,59
Мерзімді салымдар	492,7	250,3	516,2	248,8	4,77	-0,60
Шартты	0,8	0,3	0,8	0,3	0,00	0,00

Өз кезегінде заңды тұлғалардың салымдары 4,21%-ке, оның ішінде мерзімді депозиттер - 9,1% (54,3 млрд. теңге) және клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 2,11%-ке (27,8 млрд. теңгеге) өсті, талап ету бойынша салымдар бойынша қаражат сомасы 16,44%-ке азайды.



Өтімділік. Ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі жоғары деңгейде сақталды. 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезде 1,155 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезде – 1,117 болды.



Кірістілік. 2006 жылғы 1 наурызда екінші деңгейдегі банктер кіріс салығын төлегеннен кейін 12,1 млрд. теңге мөлшерінде (2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша – 5,7 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 104,8 млрд. теңге болды (2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша – 60,9 млрд. теңге), шығыстар – 92,7 млрд. теңге (2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша – 55,2 млрд. теңге) болды.

Мынаны атап өткен жөн, 2005 жылғы ақпанда банктер өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда табыс салығы төленгеннен кейінгі 112,3%-ке көп таза кіріс алды.

Банк секторының кірістілігі, млрд. теңгемен	01.03.05	01.03.06	Өзгеріс (+;-), % - пен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	43,5	77,0	77,0
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	22,0	42,4	92,7
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	21,5	34,6	60,9
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	17,3	27,3	57,8
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар	31,4	48,3	53,8
Сыйақы алумен байланысы жоқ таза кіріс (шығын)	-14,1	-21,0	48,9
Көзделмеген баптар	0,0	0,4	
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	7,5	14,0	86,7
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	1,8	1,9	5,6
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	5,7	12,1	112,3

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (86,5% немесе 66,6 млрд. теңге) сыйақының алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (59,9% немесе 25,4 млрд. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Дилингтік операциялар бойынша таза кіріс 2,2 млрд. теңге болды (2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша – 1,6 млрд. теңге).

Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 0,26% (1.03.06ж. жағдай бойынша – 0,27%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 1,85% болды (01.03.05ж. жағдай бойынша – 2,08%).

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	01.03.05	01.03.06
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	0,27	0,26
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	2,08	1,85
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	1,56	1,65
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	2,03	2,4
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	21,33	15,71
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	0,87	1,01
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	0,40	0,40

Банк секторының шоғырлануы. 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 58,8%-тен 57,1%-ке дейін кеміді, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,6%-тен 57,8%-ке дейін кеміді.

3 ірі банктің банк секторының жиынтықты несиелік портфеліндегі кредиттерінің үлесі 58,7% болды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің шоғырлануының кемігендігі байқалады. 01.03.06ж. жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 59,3%-і келсе, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткіш 59,6%-ті құраған.

Жиынтық банк секторынан үлес	01.01.06	01.03.06
Үш ірі банктің активтері	58,8	57,1
Үш ірі банктің міндеттемелері	59,6	57,8
Үш ірі банктің меншікті капиталы	56,2	57,4
Үш ірі банктің несиелік портфелі	60,7	58,7
Үш ірі банктің клиенттерінің ⁵ депозиттері, оның ішінде:	68,1	65,8
- заңды тұлғалардың	70,7	67,8
- жеке тұлғалардың	59,6	59,3

Экономикадағы банк секторының ролі

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.03.06
ЖІӨ	3 250,6 млрд.тенге	3 747,2 млрд.тенге	4 449,8 млрд.тенге	5 542,5 млрд.тенге	7 300 ⁶ млрд.тенге	8 676 ⁶ млрд.тенге
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	37,7	48,5	61,9	53,7
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	24,4	32,7	41,9	36,4
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,2	6,3	8,0	7,6
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы	15,0	18,6	21,8	29,0	34,6	30,3

¹ - 01.01.06ж. жағдай бойынша ақпарат "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ деректерін ескермей берілген;

² - "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ы; "Эксимбанк" ААҚ-ы мемлекеттік үлесті сатып алуды жүзеге асырды.

³ - уәкілетті орган бекіткен екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтері туралы Ережеге сәйкес;

⁴ - "Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары" 2222 шотын ескеріп;

⁵ - клиенттердің депозиттері туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттарын ескере отырып берілген.

⁶ - 2006 жылғы болжам деректері.